# «Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мекемесі бойынша Педагог-ұйымдастырушының 2024-2025 оқу жылының жылдық талдау есебі

**Ж.Бәрібаев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған педагог-ұйымдастырушының жұмыстарының талдауы**

Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебінде қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, «Алғашқы қоңырау» мерекесі 1-сынып оқушылары арасында **«Мектебім- мейірім мекені»** атты салтанатты шара өтті. Барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, мектеп ауласында өткізілді. Салтанатты жиын 9.00-де басталып, ҚР әнұраны орындалды. Сондай-ақ мерекелік шараны мектеп директоры Н. Г.Денгелбаева ашып, оқу ордасының ұстаздарын, білім алушылары мен олардың ата-аналарын айтулы күнмен құттықтады. Салтанатты жиында құрметті қонақтар ардагер ұстаз Г.Шопанбаева құттықтай отырып,1-сынып оқушыларына мықты денсаулық және де болашақта білімнің жаңа шыңдарын игеріп, терең білім алып, армандаған мамандық иесі болуларына сәттілік тіледі.

Сонымен қатар мектептегі санитарлық талаптар мен оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережелері сақтала отырып, 1- 10 сыныптар арасында **«Мектебім- мейірім мекені»** тақырыбында сынып сағаттары, әрбір сыныпта өткізілді. Сондай-ақ әр сынып жетекшілер сынып сағаттарынан видеоролик жасалып, әлеуметтік желіге жарияланды.

https://www.instagram.com/p/C_Z0zZki6zW/?igsh=NGI1eXJkMWU1NjAw

**Ұлттық мүдде құндылығы бойынша** тілдер мерекесіне орай **«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі»** тақырыбында өткізілген апталықта жоспарланған жұмыстар бойынша іс-шаралар өз деңгейінде өтті. Бұл шарада мектеп оқушылары өздерінің тілге деген сүйіспеншіліктерін көрсетіп, сынып жетекшілер сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C_idzrPia7c/?igsh=MXZzMmN0aDBhbTBweg==

Сондай-ақ сынып жетекшілер мен мұғалім-ұйымдастырушы ұстаздар М Ахметова күніне арналған «Мамандықтың бәрі жақсы» жобасы аясында «Тәрбие-тал бесіктен» ардагер ұстаздарға арналған құттықтаулар жолдады.

**Іс-шараның мақсаты:** Ұстаздарға құрмет көрсету. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру. Білім алушылардың көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

Өзін-өзі басқару ұйымдары, 8-9-10 сыныптар мен сынып жетекшілер ұстаздарды әуенмен қарсы алып, құрмет көрсетіліп, гүл шоқтарын ұсынды.

**«Ұстаз-ұлы тұлға»** мерекелік кеш өткізілді.

Мерекелік кеште мектеп басшысы Н.Г.Денгелбаева құттықтау сөзімен ашып, елімізде білім саласына мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп отырғанын, ұстазынан озар шәкірттерінің көбейе беретініне сенімді екенін жеткізді. Сондай-ақ мерекелік кеш барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздарды құрметтеуге, оларды түсіне білуге, бағалауға үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндірді. Сонымен қатар 10-сынып оқушылары ұстаздарға арнауларын арнап, әннен жыр шашты.Өтілген іс-шаралар интернет желісіне жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/DAqqW4xiYl8/?igsh=MTlhZWp3MTI5em5vbw==

https://www.instagram.com/reel/DAqmCv8Cx4V/?igsh=Z2RlNnp3YnZ1eDZz

Мектепте Республика күніне орай мектебіміздің 1-5 сынып оқушыларын «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына салтанатты түрде қабылданды. Құттықтау сөзі мектеп директоры Н.Г.Денгелбаева алып балаларды салтанатты түрде құттықтады.

Жиын әрі қарай мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының мерекелік концерттік іс-шарамен ұласты.

https://www.instagram.com/p/DFPFLICiUkf/?igsh=MTZ6azM1N2d4NzRubg==

https://www.instagram.com/reel/DBlDu-OAk06/?igsh=cjdmMDdhNjB3NnVk

Өзін-өзі басқару ұйымының фракция мүшелері ұйымдасып жұмыс атқаруда.

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп- қатерлерінің бірі болып табылады. Сондықтан да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша мектеп уақытында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және қоғаммен ынтымақтастық жұмыстарын жүзеге асыру шеңберінде мектеп оқушылары және жас мұғалімдер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін және оның кез келген түріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға , құқықтық салауатты арттыруға, жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуші заңнамасының негізінде жауапты тұлғаны бекіту туралы бұйрық шығарылып, іс-шаралар жоспары жасалып, бекітіліп, жұмыс түрлері жүргізілуде.

https://www.instagram.com/reel/DE2EW4RsJfS/?igsh=MWkxMGV6cng0emV0cw==

Мектебімізде мектеп оқушыларына адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру және де «Жемқорлық» деген не екенін түсіндіру, патриоттық тәрбиені қалыптастыру мақсатында 1-4 сынып оқушыларымен «Адам болу адамға не үшін қажет» тақырыбында сынып сағаттар өткізді. Сынып сағаттар барысында оқушыларға теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайлардың алдын алу әрекеттерін түсіндіріп, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырды.

https://www.instagram.com/p/DE6vmJsgEz8/?igsh=MWVlOXA1bHZ1eHFkYg==

Сонымен қатар 7-9 сынып жетекшілері оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлықпен күрес-көптің ісі» тақырыбында іс-шаралар өткізді. Іс-шаралар кезінде сынып жетекшілер оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерімен таныстырып, оқушылардың саяси –құқықтық білімін қалыптастырды.

https://www.instagram.com/p/DClExW4CRBv/?igsh=MWVsc2RveDBveThwdQ==

Сондай-ақ 9-10 сынып оқушылары , жас мұғалімдер және «Адал ұрпақ» мүшелерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: 9-10 сынып оқушылары , жас мұғалімдер және «Адал ұрпақ» мүшелеріне сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, өскелең ұрпақтың бойында адалдық, парасаттық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Түсіндірме жұмысы барысында 9-10 сынып оқушылары , жас мұғалімдер және «Адал ұрпақ» мүшелеріне Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарының 18-24 баптары бойынша және сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес және оның алғы шарттарын жоюға назар аударылуы керектігі туралы айтылып, ол бойынша 9-10 сынып оқушылары , жас мұғалімдер және «Адал ұрпақ» мүшелері өз ойларын ортаға салды, заң баптары бойынша жасалынған қылмыс үшін жауапкершілік түрлеріне де тоқталып, оқушылармен, жас мұғалімдер және «Адал ұрпақ» мүшелерінің назарларына жеткізілді.

Сондай-ақ кәмелетке толмаған жасөспірімдерге кешкі мезгілде сағат 10.00-ден кейін ата-анасыз (Заңды өкілінсіз) жүруге, топқа бірігіп ойын-сауық ұйымдастыруға тыйым салынатындығы туралы ерекше ескертілді.

Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз

ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» бар. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүргізіліп, қаралады. Сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, көрсетілген.

https://www.instagram.com/p/DFFkFx4AT8k/?img_index=1&igsh=MWM5ejJvOGQ2aGo4Mg==

Мектеп балаларын алайда қандай да бір құбылысқа қарсы тұруға шақырмас бұрын, сол құбылысты анық және нақты түрде анықтау қажетігін және ол жамандықтың шығу себептері мен механизмін талдап қарастыру мақсатында «Адал Ұрпақ»ерікті мектеп клубының оқушыларымен «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында қабырға газеті шығару байқауы өтті. Әр туынды мектеп оқушыларының ой-қиялынан шыққан. Кез - келген суретке қарап жемқорлық адам баласын жақсылыққа апармайтынын айтпай –ақ түсінуге болады.

https://www.instagram.com/p/DB8ltuZAirI/?igsh=eGZhZHh4M2ZnZDZ2

Мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары тәуелсіздік күнініе орай ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып, мемлекетіміздің тәуелсіздігін асқақтататын ұрпақ екенін жырлар тақпақтар арқылы жеткізді

https://www.instagram.com/reel/DDd0iE7iOhb/?igsh=MW0xdnpwNzUxd2l1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DDgmLtMAp3X/?igsh=eGN1YWlpbXVyNTIy

**Ұлттық мүдде құндылығы бойынша** 26-27 желтоқсан күні МАД, 1-, және сынып аралығында «Кел,Жаңа жыл Жаңа жыр ертеңгілік өткізілді. https://www.instagram.com/reel/DENeQg5g-Xv/?igsh=MWh6ZDduMXVkbmNlaA==

**Ұлттық мүдде құндылығы бойынша** 12-қаңтар күні Д.А.Қонаевтың туғанына 112 жыл толуына орай іс- шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Ұлы адамнан ұлағатты өсиет» мұражайға саяхат жасап,ұстаздар мен оқушылар еңбек жолымен танысты.

Атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.

**https://www.instagram.com/p/DExLD2LA63R/?igsh=eHo4cmU4aXE0NGZr**

**2025 жылдың ақпан айында «Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» ММ ұйымдастырылған өткізілген «Үздік мектеп парламенті» байқауына қатысып жүлделі 1-орын иеленді.**
**https://www.instagram.com/p/DFx3A3qAsmq/?igsh=MW13bmIwbHF4bXR6cQ==**
**2025 жылдың 14 ақпан күні «Шын жүректен кітап- сыйла» акциясына 9-8 сынып оқушылары да өз үлестерін қосты.Оқушыларымыздың сыйға тартқан кітаптары оқырмандарымыздың білімін арттырып көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырады.**

**https://www.instagram.com/reel/DGDDLmmA-5F/?igsh=cnd0dG1kbHA2YnA4**

**Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Ж. Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО" МКМ-ң "Шаңырақ" мектеп парламенті, жалпы білім беру мектептеріндегі мектеп парламентінің қызметін жандандыру, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының тиімді жұмыс тәжірибесін анықтау балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастыру мақсатында "Үздік мектеп парламенті" облыстық байқауында "Үздік әлеуметтік жоба" номинациясын жеңіп алды.**

**https://www.instagram.com/p/DGicFeJC4ed/?igsh=MTcyYW5sNzIzYXcxeQ==**

1-наурыз Алғыс айту күніне мектеп оқушылары ұстаздар мен ата-аналарға өз алғыстарын білдіріп, әннен шашу шашып, тәттілерін ұсынды.Сондай-ақ оқушылар айдары бойынша бір- біріне жақсылық тілеп, жылы лебіздерін, ілтипаттарын білдірді.
https://www.instagram.com/reel/DGvn5ssCCU2/?igsh=ZG5zbnc5b29wbjkz
https://www.instagram.com/reel/DGvjOu-ijnG/?igsh=MW42Yzc3NG9wc2J3Mw==
Атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.

**Мектеп директоры: Денгелбаева Н.Г.**

**Педагог –ұйымдастырушы: Ахметова М.М**